

Қазақ – өлең-сөздің қадір қасиетін қастерлеген дарқан мінезді ақын халық. Өлеңсіз өмір сүре алмайды. Абай ақын айтқандай,

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы».

Онда да солардың бар таңдамасы».

Өлеңді талғаммен жазатын жас ақындардың легін бастап тұрған ақын Мұратхан Шоқанмен 10 желтоқсан күні кездесу ұйымдастырылды. Колледжіміздің жас жүректі жеткіншектерімен, ұлағатты ұстаздарымен жүздесуге, сырласуға келіп отырған – ақын Мұратхан Шоқанмен **«Мен тәуелсіз еліме сенемін...»** атты тақырыпта кездесу өтті. 1 және 2 курс білім алушылары ақын өлеңдерін оқыды, көкейдегі сұрақтарына жауап алды. Бұл жиын рухани жаңғырудың айқын белгісі іспеттес тәрбие мен тағлымға толы болды.



